




4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Қорғау критерийлері





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Туынды авторлық құқыққа ие болуы үшін 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңда (CDPA 1988) қорғалған туындылар санатының біріне жататынын дәлелдеумен қатар, оған қойылатын белгілі бір талаптарды қанағаттандыруы қажет. Кейін көз жеткізетініміздей, талаптар әрқилы, кейде туындылардың санатына байланысты арасында едәуір айырмашылықтар болады.

1. Бірінші талап – туынды материалды формада болуы тиіс. Бұл тек әдеби, драмалық және музыкалық туындыларға қатысты екеніне кейінірек байқаймыз.
2. Екінші талап – туынды «ерекше» болуы тиіс. Аталмыш талап та тек әдеби, драмалық және музыкалық туындыларға қатысты екенін атап өткен жөн. Керісінше, ұйымшылдық туындылардың (фонограммалар, фильмдер, трансляциялар мен типографиялық форматтар) «ерекше» болуы міндетті емес. Оның орнына 1988 жылғы Заңда мұндай туындылар осы сынды алдыңғы туындылардан көшірілмесе, авторлық құқықпен қорғалатыны жазылған.
3. Үшінші талап барлық туындыларға бірдей қолданылады. Оған сәйкес, Біріккен Корольдік заңымен қорғалуы үшін туынды осы елмен барынша байланысты болуы керек.
4. Төртінші талап бойынша туынды мемлекеттің қоғамдық тәртібіне қайшы болмауы қажет.

Авторлық құқықпен қорғалу үшін туынды міндетті түрде тіркелуі тиіс деген талап жоқ; авторлық құқық автоматты түрде пайда болады. Алайда, 1988 жылғы Заң (CDPA 1988) бойынша әдеби, драмалық және музыкалық туындылар «жазбаша немесе өзге де формада» болмаса, авторлық құқықпен қорғалмайды. Әдетте, мұны «туындының материалды формаға түсірілуі жөніндегі талап» деп атайды «Қандай әдіспен, қандай тасымалдағышта немесе қандай нәрседі жазылып жеткізілгеніне» қарамастан, кез келген жазба формасын немесе кодты «жазба» деп танымыз. Демек, кез келген цифрлық материалдық формада жүзеге асқан туынды осы талап үдесінен шығады.

Көркемөнер туындыларының, фонограммалар (дыбыс жазбалары), фильмдер мен жарияланған басылымдардың жазбаша түрде болуы талап етілмейді. Фильмдер мен фонограммалардың жағдайында, объектілердің заңда бекітілген анықтамасында «жазба» туралы онсыз да айтылған. Көркемөнер туындылары көбінесе материалдық формада болады: мысалы, бұған дейін Аппеляциялық Сот картина бір нәрсенің «бетінде» салынуы тиіс деп ескерткенін және мұз мүсін уақытша бола тұра скульптура ретінде қорғалатынын айтқанбыз. Ал, экспозиция немесе түрлі-түсті жарық ше? Бұған 1988 жылғы Заң бойынша көркемөнер туындыларының фиксациялануы арнайы талап етілмеген, сондықтан экспозиция қорғалады деп мысал келтіруге болар еді. Мұндайда экспозицияның телеарнадан тікелей трансляциясы заң бұзу болып саналар еді. Трансляциялардың фиксациялануы немесе қандайда бір формада жүзеге асуы талап етілмейді. Сондықтан эфирлік және кабелдік хабар таратушы ұйымдар трансляциялардың үздіксіз жазба нұсқасын жасаған-жасамағанына қарамастан қорғауға алынады.

Әдеби, драмалық және музыкалық туындылар міндетті түрде жазба түрде болуы тиіс деген талап авторлық құқықты қорғауға кедергі келтірмейді. Өйткені туындыны автордың өзінен басқа біреу (рұқсатымен немесе рұқсатсыз) жазбаша қалыпқа түсірсе, жазба нұсқасы шағымданушының қолында қалса немесе кейін жойылып кетсе де, фиксация талабы бәрібір орындалады. Біреу авторлық құқықты бұзғанда, әдетте туындыны репродукция жасайтынын, авторға еш қатысы жоқ тараптар өзіне қажетті жазбаны жасап ала салатынын ескерсек, туынды көп жағдайда арнайы жазып алынатынын білдіреді. Авторлық құқықпен қорғалуы үшін орындалуы тиіс ең маңызды талап – ол туынды «түпнұсқа» болуы тиіс деген талап шығар. Бұл тек әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындыларына ғана (авторлық туындыларға) қатысты екенін атап өткен жөн. Керісінше, кәсіпкерлік туындыларға (фонограммалар, фильмдер, трансляциялар мен типографиялық форматтар) заңмен қорғалуы үшін ерекше болуы міндетті емес. Ерекшелік талабы жалпы заң талабы ретінде 1911 жылдан бері бар десек те, Авторлық құқық туындыдан «ерекшелікті» талап еткенде, нақты нені меңзейтінін тап басып айту өте қиын. Ең кең таралған түсінік бойынша туынды «еңбек, шеберлік пен пайымның» нәтижесінде пайда болуы тиіс. Еуропадағы Авторлық құқық туралы заңдардың үйлестірілуі бұл екіұшты сипатты одан сайын ушықтыра түсті. Ондағы автордың «интеллектуалдық өнімі» деген жаңа концепция тек дерекқор, компьютер бағдарламалары және фотографиялардың ғана емес, сонымен қатар, барлық әдеби, драмалық, музыкалық және өнер туындыларының түпнұсқалығын анықтайды.

Ерекшеліктің дәстүрлі британдық және еуропалық тұжырымдары арасындағы айырмашылықтармен қатар, олардың өзара ортақ сипаттамалары да кездеседі. Біріншіден, қос тұжырымдамада да «ерекшелік» дегеніміз – автор немесе туындыгер және туынды арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ мұның түпнұсқа туындының өнертабыс, жаңа немесе бірегей болуымен еш байланысы жоқ. Патент туралы заңдағы



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

жаңашылдық талабы өнертабыс пен «техника деңгейінің» арақатысына мән берсе, түпнұсқалықты тексеру барысында туындыгер мен туынды арасындағы байланысқа назар аударылады. Авторлық құқық туынды түпнұсқа болуы тиіс десе, бұл автор осы туындыны жасарда қажетті зияткерлік қасиеттерін қадеге жаратуы тиіс дегенді білдіреді. Нақтырақ айтқанда, авторлық құқықта туындының түпнұсқа екенін анықтау барысында нәтижесіндегі жұмысқа автордың қосқан үлесіне айрықша мән беріледі. Сәйкесінше, Гомердің Одиссеясында баяндалған негізгі оқиғаның желісімен фильмге сценарий жазып шыққан адамның еңбегі эпостағы оқиға мен кейіпкерлер қалың жұртшылыққа мыңдаған жылдар бойы танылғанына қарамастан «ерекше» туынды» саналады.

Екіншіден, дәстүрлі концепциядағы түпнұсқалықтың критерийі туындының орындалу мәнеріне, айталық, бояудың жағылуына, сөздерді таңдалу және ұйқасуына, идеялардың жүзеге асырылуына, қыл аяғы сазбалшықтың қандай қалыпқа түскеніне мән береді. Басқаша айтқанда, ерекшелігін бағалау барысында авторлық құқық туындының идеясынан гөрі оның орындалу мәнеріндегі сонылыққа назар аударады. Үшіншіден, мейлі дәстүрлі британдық көзқараста әлде жаңа ЕО критерийінде болсын, «туынды шығарма» ерекше туынды болып саналатыны мәлім. «Туынды шығарма» дегеніміз – бұрыннан бар туындыға (авторлық құқықпен не қорғалғанына, не қорғалмағанына қарамастан) негізделе немесе содан пайда болған туынды. Мұның туындылардың жарқын мысалы: жаңа басылымдар, аудармалар, музыкалық әрлеулер мен гравюралар, сондай-ақ антологиялар. Авторлық құқықпен қорғалуы үшін туынды шығарма өзі де «ерекше» болуы тиіс.

Мұндай жағдайда бұрынғы туындының авторлық құқығын бұзу ықтималдығына қарамастан, туынды шығармаға авторлық құқық берілетінін қайталай атап өткен жөн. Яғни, туынды шығарма «ерекше» да болуы мүмкін, басқа туындының құқығын бұзуы да әбден мүмкін. Мұндай ситуацияларда туынды шығармаға тиесілі авторлық құқық өзінің құрамындағы кез келген түпнұсқа туындының құқығынан өзгеше болады әрі оған бағынады. Ерекше туынды жаңа нұсқадан көзге анық байқалып тұратындықтан, оның жаңа нұсқасын жасаушы да, кез келген үшінші тараптағы көшіруші де түпнұсқаның авторлық құқық иесінен лицензия алуы тиіс. Төртіншіден, ерекшелікті анықтаудың шекті межесі өте төмен. Ағылшын соттары, мысалы, теміржол кестесі мен емтихандағы жауап парақтарын да ерекшелік ретінде қабылдады, ал Еуропа соты 11 сөз ерекше туындыға жатуы мүмкін екенін тұспалдап жеткізді. Ерекшелік стандартының төмен деңгейде болуынан пайда болатын тағы бір салдар – объект ерекше болмауы себепті авторлық құқықпен қорғалудан тыс қалған мысалдар өте сирек. Көбінесе, ақпараттық туындылар, туынды шығармалар және өнеркәсіптік үлгіге қатысты проблема туындайды. Бесіншіден, алдыңғы жағдайларды қарастырғанда, қандай критерийді қолданса да, туынды ерекше ме немесе түпнұсқа емес пе деген сұрақтың жауабы сот төрелігі жасалатын жердің белгілі бір мәдени, әлеуметтік саяси контекстіне байланысты екенін ескерген жөн. Бір жағынан, соттар автордың сіңірген еңбегін қалай қабылдағанына байланысты түпнұсқалығы анықталады. Мұның тағы бір салдары: ненің ерекшелік ретінде танылатыны уақыт өткен сайын өзгере береді. Бұған фотография жақсы мысал. 1840-шы жылдары фоторафияны алғаш ойлап тапқан кезде, ол жарыққа сезімтал химиялық материалдарды әрекеттестіру арқылы сурет шығаратын шығармашылыққа еш қатысы жоқ (яғни, түпнұсқа емес) механикалық процесс ретінде қабылданатын. Алайда, он тоғызыншы ғасырдың аяғына таман фотография көркем шығармашылық ретінде танымал бола бастады. Австралия аборигендерінің көркемөнер бұйымдарына қатысты осыған ұқсас жағдай орын алды. Заманында бірөңкей дәстүрлі тақырыптар мен образдарды бейнелей бергені үшін аса менсінбеген бұйымдар енді тек төлтума ғана емес, көркемдік деңгейі жоғары.

Тақырыпқа тереңдемес бұрын сәл аялдап, түпнұсқалық талабының «қызметін» қарастырған жөн. Ерекшелік талабының белгіленген шекті мәжесі әдеби, драмалық, музыкалық және көркем туындыларының сипатына сай келетін жұмыстар қандай жағдайда авторлық құқықпен қорғалатынын анықтайды. Дегенмен, шекті меже талабы қандай қисынға сүйеніп қойылатыны ешқашан айқын болмаған. Табиғи құқық тұрғысынан алып қарағанда, ерекшелік талабы авторлық құқық автордың төл шығармасында көрініс табатын бітім-болмысын қорғауы керек деген идеямен үндес: «ерекшелік» болмаса, яғни туындыдан тұлғалық ерекшеліктің белгілері мен нышандары байқалмаса, мұндай туындыны авторлық құқықпен қорғауға негіз жоқ. Демек, автордың болмыс-бітімі байқалмайтын туындылар – инвестиция салынған немесе жалдамалы жұмыстар, әртүрлі жасаушылар жұмыстың дербес әрі «объективті» қырларына (фактілер, көптеген идеялар, қызметтер) үлес қосқан жұмыстарды заңмен қорғауға кепілдік берілмейді. Бұған қоса, туындының басқаларға табиғи құқықтарын, атап айтқанда, шығармашылық және өзін-өзі білдіру еркіндігін жүзеге асыруға қажетті қырлары заңмен қорғалмағаны жөн. Керісінше, сыйақы тұрғысынан алғанда, еңбегін басқалар пайдаланып кетпес үшін (яғни, әділетсіз байып кетпес үшін)



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

туындыгер белгілі бір қорғауға лайық десе болар еді. Бұл ойдантуындыны шығаруға еңбек күші мен қаржы жұмсаған кез келген жанның авторлық құқығы (тым құрымағанда, жосықсыз бәсекелестік заңы сияқты құқықтық қорғаудың басқа формалары болмаған жерде) қрғалуы тиіс деген емеурінді байқауға болады

Утилитарлық көзқарас тұрғысынан қарағанда, «ерекшеліктің» шекті межесі басқа деңгейде – авторлық құқық ынталандырмаса жасалуы неғайбіл туындылардың қорғалуын қамтамасыз ететін анағұрлым күрделі деңгейде болуы мүмкін еді. Мұндай көзқарас инвестиция салынған немесе (одан туындыгердің қолтаңбасы көрініп тұрмаса да) ақтауы мүмкін бұл қарабайыр, маңызы төмен туындылар қорғалмайтынын (сонымен қатар, патент немесе дизайн құқықтары сынды ынталандыру механизмдерінің объектісі болып табылатын туындыларды авторлық құқық аясында қорғаудың қажеттілігі жоқ екенін) білдіреді. Сонымен қатар, ерекшелікке утилитарлық көзқарас бойынша өзгелердің шығармашылықпен айналысып, ойындағысын білдіруге ауадай қажет фактілер, қызметтер, идеялар, атаулар және айдарлар секілді компоненттерге айрықша құқықтан берілмейді. Демек, «ерекшелікті» «қоғам игілігін» «айқындаудың негізгі шекті межесі деп есептеуге болады.

Табиғи құқықтар мен утилитарлық көзқарас «ерекшелік» талабының қалыптасуына ықпал еткендей көрінгенмен, заңдық критерийлерден қандай да бір нақты теориялық көзқарас анық білінбейтіні таңғаларлық жайт емес. Өйткені құқық жүйесінде философтарға орын жоқ, әрі онда философиялық бірізділікке аса маңыз артпайды (табиғи құқық, сыйақы теориясы мен ынталандыру жөніндегі қисынды мотив мидай араласып кетеді). Оның үстіне, құқық жүйесі процессуалды экономика мен нақтылыққа ұмтылу сияқты мәселелерді айналып өте алмайды. Бұл соттардың қолдануға қиын, күрделі критерийлерден алшақтап, қарапайым және объективті критерийлерді қабылдап, дамытуына түрткі болады. Ерекшелікке байланысты дәстүрлі британдық прецеденттік құқықта мұндай үрдіс соттардың көшірілмеген туындыларды қорғау үшін түпнұсқалық стандарттарын әлсіретуіне алып келді. Азаматтық құқық жүйелерінде танымал суретшілердің шығармалары түпнұсқа деп саналады. Сонымен қатар, түпнұсқалық шекті меже болудан бөлек тұлғаның авторлық құқықты бұзған-бұзбағанын анықтауда аса маңызды рөл атқаруы мүмкін. Өйткені тұлға шағымданушы туындысындағы түпнұсқа болып есептелмейтін элементтерді жай ғана көшірсе, авторлық құқықты бұзбайды.

1912 жылдан бері қалыптасқан прецеденттік құқық әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындылары қандай жағдайда түпнұсқа ретінде қабылданатынын нақты анықтады десек, жансақ пікір болар еді. Бір жағынан, аталған қиындықтар, «ерекшелік әр мысалдың жай-жапсарына байланысты әрі әрбір жағдайдың артында абырой мәселесі тұруы тиіс». Сол себепті, британдық дәстүрлі құқықтың түпнұсқалыққа көзқарасын жалпылама қағидаттар мен ережелер тұрғысынан түсіндіру өте қиын. Дегенмен, екі сипаттамасына сүйенуге болады.

«Еңбек, кәсіби машық немесе парасат-пайым» деген фраза түпнұсқаға қатысты дәстүрлі британдық критерийді сипаттауға ұтқыр теңеу болғанымен, бұл сөз тіркесінің орынды қолданылмағанын ескерген жөн (мұны бұлжымас заң сөзі ретінде қабылдау артық). Кейде, соттар, еңбек, шеберлік пен пайым деген фразаны дизъюнктивті (бөлшектік) мағынасында; кейде «еңбек, машық пен парасат-пайым» деп кумулятивтік (жинақтық) мағынасында қолданады. Басқа жағдайларда «туынды», «капитал», «күш-жігер», «индустрия», «уақыт», «білім», «талғам», «тапқырлық», «тәжірибе» немесе «инвестициялар» сияқты сөздер пайдаланылады. Егер «еңбек, машық пен парасат-пайым» түпнұсқалық туралы британдық концепцияның айқындаушы қырлары болса, қордаланған прецеденттік құқық оған біршама қосымша талаптар үстегенін ескерген жөн.

Біріншіден, «еңбек, шеберлік пен пайымның» үлесі барынша «қомақты» болуы тиіс – тым құрымағанда қарабайыр болмауы тиіс. Екіншіден, лорд Оливер Құпия Кеңесте *Interlego v. Tuso* ісіне қатысты айтқанындай, «тек белгілі бір машықтың түрлері, еңбек пен парасат-пайым ғана туындының түпнұсқа екенін растайды». Демек адам қыруар еңбек сіңіруі мүмкін, бірақ бұрыс бағытта жұмыс істесе, оның түпкі жұмысы түпнұсқа ретінде танылмайды. Мәселен, өзге туындыны тұтастай немесе еліктеп көшіріп алу осыған айқын мысал бола алады.

Еуропаның заң шығару билігі авторлық құқық туралы заңды ішінара үйлестіру үдерісін бастап бергенмен, Еуропа соты «ерекшелікті» барынша мұқият үйлестіруді қолға алды. Бағдарламалық жасақтама және Дерекқор туралы директивалар компьютерлік бағдарлама мен дерекқор тек түпнұсқа деп танылса ғана авторлық құқықпен қорғалуын талап етеді. Ол үшін бағдарлама мен дерекқор «автордың төл интеллектуалдық өнімі» болуы тиіс (Мерзім туралы директиваға да фотографиялар үшін тура осындай критерий енгізілген). Сот аталмыш стандартты барлық авторлық туындыларға қолдануға болады деп



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

қаулы етті.

Бұл мәселе Inforaq ісінде нақты қаралды. Аталмыш істе Дания соты электронды газет жаңалықтарын сұрыптау қызметі іздестірудің екі жағынан да 8 сөзден сәйкес келетін, 11 сөзден тұратын үзіндіні бергенде, авторлық құқықты бұзғанын әлде бұзбағанын анықтауы тиіс еді. Еуропа сотына: «Бұл авторлық құқықпен қорғалған мақаланың «бөлігі» санала ма?» деген сұрақ қойылды. Сот 11 сөз мақаланың «бөлігі» екенін шешу үшін әуелі туындының қорғалу шарттарын зерттеу қажет деп ұйғарды.

Берн Конвенциясы мен Қауымдастықтың авторлық құқық жөніндегі заңнамасын (acquis), атап айтқанда, Бағдарламалық жасақтама, Дерекқор және Мерзім туралы директиваларды) қарастыра отырып, Сот «түпнұсқалықтың жалпыға ортақ стандарты» бар, ол – «автордың төл интеллектуалдық өнімі» қорытты. Ал, әлгі 11 сөздің мақаланың «бөлігі» саналуы олардың өз алдына «интеллектуалдық өнім» болуына байланысты әрі бұл мәселені, Соттың ойынша, ұлттық сот қарауы тиіс. Inforaq ісін таза прецеденттік жағдай ретінде тек авторлық құқықты бұзуға қана қолданылып келген, алайда көп ұзамай оны авторлық құқықты анықтауға да қолдана бастады. Ақпараттық қоғам директивасына сәйкес қорғалатынын нақтылаған еді, ал Football Association Premier League ісінде Сот футбол матчтары қорғалмайды, өйткені онда түпнұсқалықтың тиісті белгілері жоқ деп мәлімдеді. Сондықтан «авторлық туындыларға» түпнұсқалықтың еуропалық стандартын қолдану қажеттігі еш күмән тудырмайды.

«Ерекшеліктің» жалпыға ортақ критерийін қабылдаудың бірқатар артықшылықтары бар. Ең әуелі, бұл авторлық құқықтың еуропалық режимін горизонталды және вертикалды бағыт бойынша бұрынғысымен салыстырғанда барынша бірізге түсіреді. Сонымен қатар, бірыңғай стандартты қабылдау туынды концепциясын өзара үйлестіру кезінде туындайтын кейбір қиындықтарды болдырмайды; мәселен, дерекқорға қолданылатын түпнұсқа стандарты «дерекқор базасына ұқсас» нысандарға дәл солай қолданылса, дерекқордың нақты мағынасы жөніндегі құқықтық даулар азаяр еді. Дегенмен, сарапшылар «занды осылайша терең үйлестіру, қанша жерден пайдалы болса да, конституцияға қарама-қайшы емес пе?» деген сауалды алға тартып, соттың осынау белсенділігінен пайда болған біршама түсініксіз жайттарды тізеді. Оның үстіне, барлық туындыларға бірыңғай стандартты таңдау біраз мүше-мемлекеттер әртүрлі туындыларды қатысты критерийді сәл өзгеріспен қолдану икемділігінен айырады.

Жалпы, жаңа стандарт 1993 жылдың 1 қаңтарынан компьютерлік бағдарламаларға; 1995 жылдың 1 шілдесінен фотографияларға; 1996 жылдың 11 наурызынан дерекқорға және 2002 жылдың 22 желтоқсанынан барлық басқа авторлық туындыларға қолданылады. Дерекқор директивасын енгізу барысында Біріккен Корольдіктің 1997 жылғы Дерекқор туралы регламентациясы 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңындағы (CDPA) дерекқорға қатысты түпнұсқалық талабына «автордың интеллектуалдық өнімі» деген жаңа критерий қосып, түбегейлі өзгертіп жіберді. Атап айтқанда, заңның 3А(2)-бөлімінде былай деп жазылған: «дерекқордан тұратын әдеби туынды ондағы мазмұнның іріктелуі мен орналасуы негізінде дерекқор автордың ақыл-ой еңбегінің жемісі болып табылса ғана түпнұсқа болып есептеледі». Британияның заң шығару органы заңнамалық өзгеріске ешқандай жауап қатқан жоқ (жалпы алғанда, не 3А(2)-бөлімін кеңейтпеді, не дерекқордан басқа туындыларға бөтен стандартты белгілеу үшін қолданылуы мүмкін арнаулы сілтемені жоймады), ал соттар заң тілін бейімдеуге асыға қоймады.

Осыған қарамастан, жоғарыдағы даталардан бұрын дәстүрлі стандартқа сай Біріккен Корольдік заңымен қорғалған кез келген туынды қорғалған күйінде қалуы керек. Өйткені, директивалардың барлығында «бекітілген құқықтарға» зиян тигізбей жүзеге асырылатыны жазылған. 72 себепті, «дәстүрлі» британдық сот практикасы тым құрымағанда бұрынғы туындылардың өмір сүруін анықтауда алдағы бірнеше онжылдықтар бойы маңызды рөл атқара бермек.

Сонымен, туынды «автордың төл интеллектуалдық өнімі» болып танылуы үшін қандай болуы керек? Заңнамада бұл туралы өте аз мәлімет берілген. Бірден назарға ілегетіні – Мерзім туралы директивадағы декларативті бөлімі. Онда фотографиядан «автордың тұлғалық болмыс-бітімі көрініп тұруы тиіс» дегенде, оның мазмұнын меңзейді. Бұл критерий кейбір азаматтық құқықтың droit d'auteur режиміндегі шартқа ұқсас. Онда туындыда автордың «өзіндік қолтаңбасы» болуын жиі талап етеді. 74 Сондықтан Еуропа «шығармашылық таңдауды» пайдалану қажеттігін айта отырып, бұл концепцияға қосымша мазмұн үстеуді жөн көрді. Сондықтан Сот Inforaq ісінде былай деп түсінік берді: [С]өздер... жеке дара келгенде, оларды қолданып отырған автордың интеллектуалдық өнімі саналмайды. Тек осы сөздердің таңдау, олардың реті мен комбинациялары арқылы ғана автор шығармашылығын өзіне тән мәнермен білдіріп, интеллектуалдық өнім саналатын нәтижеге жетеді.

Rainer ісінде Еуропа соты жас қыздың портреттік фотографиясын қарастыра келіп, егер фотограф суретте ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасын білдіре алғанда, мұны «интеллектуалдық өнім» санауға



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

болар еді деп мәлімдеді. Сол секілді Football Dataco ісі бойынша Еуропа сотынан футбол матчтарының тізімдерін жасау «интеллектуалдық өнім санала ма?» деген сауалға төрелік айту сұрағанда, сот былай деп ескертті: Дерекқорды жасақтауға келер болсақ, мәліметтерді іріктеп, ұйымдастыру арқылы автор еркін және шығармашыл таңдау жасауға шығармашылық қарым-қабілетін көрсеткенде, сөйтіп «ешкімге ұқсамайтын» қолтаңбасын қалдырғанда, оның түпнұсқалық талабының үдесінен шығады.

Сот «компоненттердің экспрессиясы техникалық функциялары басым түскен жерде», түпнұсқалық болмайтынын мәлімдеді. Сот бұл шешімін «идеяны жүзеге асырудың әдістері шектеулілігі соншалық, идея мен оны білдіру жолын бір-бірінен ажырату мүмкін емес, сондықтан туынды түпнұсқалық критерийіне жауап бермейді» деп түсіндірді. Football Association Premier League ісін Еуропа соты неліктен спорттық іс-шаралар интеллектуалдық өнім болып табылмайтынын түсіндірген кезде осыған ұқсас дәйектерді алға тартты: «Ойын ережесіне бағынатын футбол матчтарында авторлық құқық нысанындағы шығармашылық еркіндікке мүмкіндік жоқ». Алайда, кез келген, футбол ойнайтын немесе көретін адам «ойын ережелерінің» шектеулеріне байланысты «футболда шығармашылық еркіндік» жоқ дегенмен келіспес еді. Осыған орай Еуропа соты мынадай маңызды пікір қосты: шығармашылық таңдау ережелермен немесе функционалдык есеп шектелген жерде, жұмыс нәтижесінің түпнұсқа (төлтума) болуы екіталай.

Еуропа сотының «шығармашылық таңдау» туралы түсініктемесінен функционалдык кедергілер немесе «ережелер» шектеген шешімдер «шығармашылық таңдаулар» ретінде қабылданбайтыны анық аңғарылады. Өйткені, мұнда таңдау мүлдем жоқ немесе өте аз. Бірақ, қай кезде таңдау «шығармашылық» болып есептеледі? «Көркемдік» болмаса да таңдау шығармашылық болатыны анық: Еуропадағы авторлық құқық аясына, сөзсіз, компьютерлік бағдарламалар, техникалық нұсқаулықтар т.б кіреді. Өрі авторлық құқық таңдау сипаты «көркем» болуын талап етсе, олар бұл шартқа жауап бере алмас еді.

Шығармашылық таңдау дегеніміз - автордың туынды функциясының, әдісі мен қолданған тәсілдің, қажетті стандарттар немесе тиісті «үздік тәжірибенің тасасында қалмай, автор өзі жасаған таңдауы. Керісінше, таза кездейсоқ немесе болмашы іріктеу жарамайды.

«Интеллектуалдық өнім» талабы процеске жата ма, әлде нәтижеге ме? «Шығармашылық» тек туынды осы процесс (шығармашылық процесі) барысында жасалғанын білдіре ме, әлде нәтиженің белгілі бір айрықша қырлары бар екенін білдіре ме? Компьютерлік бағдарлама оның элементтерінің іріктелуі мен компиляциясы автордың шығармашылық әлуеті мен шеберлігін танытса және оның туындысын өзге авторлардан ерекшелеп тұрса ғана авторлық құқықпен қорғалады.

Алдыңғы жағдайда, шығармашылық еркіндік молынан пайдаланылды, бірақ нәтижесіндегі туындыдан «жеке қолтаңба» көрінбейді деп айтуға болар еді; ал екінші жағдайда еркін (немесе кездейсоқ іріктеу) нәтижесі өз қолтаңбасы бар туындыны дүниеге әкелуі мүмкін. Алайда мұны таңдаудың арқасы деп айтуға келмейді.

Туынды «ерекше ретінде танылуы үшін біршама күш жұмсалып, шешімдер қабылдануы керек. Дерекқор туралы директиваның декларативті бөлімінің 19-тармағында музыкалық орындаулардың компакт-дискідегі жинағы авторлық құқықпен қорғау талабына сай келмейтіні жазылған. Алайда, дерекқордың әрекет ету кеңістігінен тыс, Еуропа соты тіпті кейбір әлдеқайда ұсақ туындылар «интеллектуалдық өнім» болуы мүмкін деп болжайтынын байқаймыз. Сондықтан Inforaq ісінде Еуропа соты газет мақаласынан алынған 11 сөз «интеллектуалдық өнім» болуы мүмкіндігін пайымдап қана қойды, өйткені бұл мәселенің анық-қанығын ұлттық сот шешуі тиіс. Ең дұрысы, өнімге «интеллектуалдық» сипат беретін шығармашылық шешімдер тоғысқан жерде, сандық жеке талап етілмейді. Бұл, шектеулі шығармашылықтағы қаптаған шешімдерден 88 немесе 11 сөзден тұратын хайку сияқты аса жеке шешімдерден шығуы мүмкін.

ЕО жаңа стандарты түпнұсқалық туралы бұрынғы британдық стандарттан 89 біршама жоғарырақ тұрғанмен, ол көбінесе өзге шешімдерге әкелмейді. Дәстүрлі британдық стандартқа сай қорғалған роман, пьеса, өлең, картина, гравюра немесе скульптуралардың басым бөлігі «автордың төл интеллектуалдық өнімі» деген талапты қанағаттандырады. Алайда, кейде ережелер басқаша болатын жағдайларды айқындай аламыз.

Жаңа анықтама өзгеріске бастайтын бағыттың бірі – бірқалыпты еңбек ету арқылы түпнұсқа туындының пайда болуы; Британдық ұстаным ешқашан анық болмаған, әйтсе де кейбір прецеденттік құқық істері зор тынымсыз еңбектің нәтижесінде пайда болған туынды қорғауға жатуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Тіпті кесте немесе компиляцияларды түзген кезде автор «машық пен пайым-парасатқа» жүгінбеуі мүмкін, дегенмен компиляция процесіне жеткілікті еңбек сiңiрiлсе, туынды түпнұсқа ретінде қаралуы мүмкін. Алайда бұл тек еңбек елеулі болған жағдайға ғана қатысты. Мәселен, компиляция жасауға аз күш жұмсалып, парасат-пайымға сүйеніп жасалмаған және нәтижесі қарапайым туындылар түпнұсқа ретінде



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

есепке алынбайды.

Британдық заңға сәйкес бұлар - дұрыс шешімдер болғаннанмен ЕО стандартына сай басқаша шешім шығарылар еді: Еуропа түсінік тұрғысынан қанша жерден зор көп жұмыс атқарылса да, механикалық немесе күнделікті еңбек ешқашан туындының «ерекше» болуына септігін тигізе алмайды. Туындыны жасау барысында автордан бар тындырғаны - зор күш-жігер жұмсау ғана болса, онда туындының қалайша «интеллектуалдық өнім» болатынын, әсіресе, автордың тұлғалық даралығын қалай көрсететінін айту қиын. Осындай күш-жігер жұмсаған кез келген жан осындай нәтижеге қол жеткізеді.

Түпнұсқалық туралы дәстүрлі британдық түсінікті ығыстырған тағы бір бағыт деректерді түзу кезіндегі шығармашылықпен байланысты. Авторлық құқық туралы британдық заң деректерді өз алдына бөлек қорғамағанмен, сот деректерді түзу барысындағы «еңбек, кәсіби машық пен парасат-пайымның» нәтижесінде пайда болған туындының түпнұсқалығына әсер ететінін мойындаған секілді. Сондықтан үйлестіру процесіне дейін телевизия бағдарламасы «ерекше» ретінде қабылданды. Өйткені нені трансляциялау керек, бағдарламаны көрсетуге қай күн, қандай уақыт ыңғайлы (айталық, балалар ересектерге арналған контентті көрмес үшін, сонымен қатар, көрермен санын барынша көбейту үшін) екенін шешуге кәсіби білік пен күш-жігер жұмсалады.

Жаңа еуропалық критерийдің дәстүрлі британдық критерийге ұқсамайтын үшінші қыры машықпен байланысты. Қарапайым еңбекке қатысты ұстаным қандай болса да, британдық түпнұсқалық критерийі туындыны жасау кезіндегі машықтың маңызын елеусіз қалдырмайды. Бұл *Walter v. Lane* ісінде анық көрінді. Онда Лордтар палатасының мүшелері көпшілік алдында сөйленген сөздің газет бетіндегі есебінің арналған авторлық құқын бірден мойындады, себебі сөйлеп тұрған адамның сөзін аузынан қағып алып, оны ықшамдап жаза білу – белгілі бірі машықтануды талап ететін өнер.

Түпнұсқалық туралы дәстүрлі британдық критерий мен еуропалық түсінік арасында айырмашылық туындауы мүмкін төртінші жағдай – «пре-экспрессивті» үлестермен байланысты *Эдетте, Біріккен Корольдік соты* туындының түпнұсқа өнімді шығару алдындағы сатыларда (яғни пре-экспрессивті кезеңде) пайда болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Мәселен, соттар әдеби жинаққа түпнұсқалық сипат беретін еңбектің аясына кейін жинаққа кіретін материалдарды жинақтау, оларды іріктеу немесе таңдауды да кіргізеді. Еуропалық стандартқа сәйкес, дайындық жұмыстарының «түпнұсқалықты» анықтауға тікелей қатысы бар, алайда пре-экспрессивті жұмыстың бұған қатысы болуы неғайбыл *SAS Institute* ісінде бас адвокат Бот компьютер бағдарламасын дайындау барысындағы орындалатын тапсырманы анықтау мен код жазу кезеңінде бағдарламаның түпнұсқалығына үлес қосатын элементтер іріктеліп, жинақталатынын айтты. Ал, фотографияға қатысты істе Еуропа соты «пре-экспрессивті» таңдаулардың, тым құрымағанда, «дайындық кезеңіне», атап айтқанда «фонды, объектінің орналасуы мен жарық қоюға» қатысы болатынын атап көрсетті. Дерекқор туралы айтар болсақ, «интеллектуалдық өнім» деректерді «іріктеу және/немесе топтастырудың» нәтижесі болуы тиіс екені анық.

Еуропаның «автордың төл интеллектуалдық өнімі» критерийі бұрынғы британдық стандартқа қарағанда дәрежесі «жоғары» деп есептелгенмен, ол түпнұсқалықты тексреудің әрбір аспектісіне жауап бере алмайды. ЕО заңнамасы тұрғысынан қарастырғанда, Құпия Кеңестің пайымы күдікті көрінеді. Еуропа соты «шығармашылықтың» әртүрлі санаты немесе түрлерінің жігін ажыратқысы келмеді.

Британия заң әдетте қарабайыр және мардымсыз әрекетті немесе нәтижесі мардымсыз, қарапайым болып еңбек пен машықты қорғамайды Мұны атауларға қатысты прецеденттік құқықтан аңғаруға болады. Оған сәйкес атаулар «онша маңызы жоқ» деген желеумен қорғаудан бас тартты. Әйтсе де, туынды Еуропалық Одақ заңымен қорғалмай тұрып, мазмұнға қойылатын қандай да бір талаптың бар-жоғы белгісіз.

Осының алдындағы мысалдардан байқағанымыздай, түпнұсқалық туралы жаңа еуропалық критерий «еңбек, машық және/немесе парасат-пайым» түсінігіне саятын дәстүрлі британдық критерийге ұқсамайды. Назар аударатын бірінші жайт, әртүрлі директиваларда түпнұсқа емес туындыларға кейбір қорғау түрлерін қамтамасыз етудің мүмкіндіктері бар. Алайда, Бағдарламалық жасақтама, Дерекқор және Ақпараттық қоғам туралы директивалар “әділетсіз бәсекелестік туралы заңның” әрекетін назардан тыс қалдырады.

Сот бұл шешімге тек үйлестіру ниетімен ғана келген жоқ, сонымен қатар, бұған директивадағы өтпелі кезең ережелері де әсер етті. Бағдарламалық жасақтама мен фотографияға қатысты бұл сұрақтың жауабы анық емес, бірақ дәл осындай жауап болуы мүмкін. Бағдарламалық жасақтама туралы директиваның түпнұсқалық стандарты жайында 1(3) бабында: «оның қорғалу құқығын анықтау үшін ешқандай өзге критерийлер қолданылмауы керек» деп жазылған. Бұдан «қорғау» шарты «авторлық құқықпен қорғауды» білдіретінін аңғаруға болады. Сондықтан бұл жерде «өзге қорғау амалдары» дегенде «авторлық құқықты»



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

емес, «аралас құқықтарды» меңзеп тұр. Жауапты Ақпараттық қоғам туралы директиваның күзірет аясына кіретін туындыларға және Inforaq ісіндегі шешімге қатысты анағұрлым ашық жауап ретінде қабылдануы тиіс.

Егер мүше-мемлекеттер түпнұсқа емес туындыларды қорғауға еркін болса, Біріккен Корольдік те дәл осылай әрекет етуді таңдады ма? Заң шығарушы орган директиваларды енгізу барысында бұл мәселе жөнінде сөз қозғамағандықтан, мұны британдық заң тұрғысынан интерпретациялау қиын. Мысалы, 1996 жылдың 1 қаңтарынан кейін британдық заң «түпнұсқа» фотографияларды қорғауға алды, алайда бұл британдық мағынадағы «түпнұсқаны», әлде еуропалық мағынадағы «түпнұсқаны» білдіретіні түсініксіз. Британдықтардың Inforaq ісінен кейінгі әрекетсіздігінен де осы аңғарылады. Қалыптасқан ахуалға орай, 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңдағы (CDPA, 1988) түпнұсқалық талабын директивалар мен юриспруденцияға сай интерпретациялаудың төте жолы – «ерекше» сөзін еуропалық стандартқа сәйкес қабылдау, яғни барлық «әдеби, драмалық, музыкалық және көркем туындылардан» автордың болмыс-бітімін білдіретіндей «автордың төл интеллектуалдық өнімі» болуын талап ету. Дегенмен, Біріккен Корольдік бұрынғы түсінік бойынша жай ғана «түпнұсқа» туындылардың авторлық құқығын қорғауды тоқтатпады десе болады. Бұған Ұлыбританиядағы түпнұсқалықтың төмен шекті межесі Еуропаның үйлестірілген аймақтарында сақталып қалған «жосықсыз бәсекелестік» туралы заңның формасы ретінде қызмет етуін мойындау дәлел бола алады. Шын мәнінде, британдық заң шығарушы орган әртүрлі директивалар мен ондағы түпнұсқа стандарттарын (біріңғай меншік құқығын қолдану арқылы туындыны жосықсыз бәсекелестіктен де қорғайтын) кеңірек режимге енгізу арқылы жүзеге асыру жолын таңдады. Бұл көзқарасты өтпелі кезең ережелерінің болмауы нақтылай түсті бұдан заң шығарушы орган соттар дәстүрлі британдық стандартты қолдана беруін құптағанын аңғарамыз.

Әлгінде айтқанымыздай, әртүрлі критерийлер көбінесе түрлі нәтижелер бермейді, оның түсінудің ең төте жолы – сот қараған күрделі істердің кейбірін қарастырып шығу.

Біз 1989 жылдан бері Британ заңы таспаға жазылған «ауызекі сөздерді» қорғайтынын алдында айтып өткенбіз. Бірақ, айтылған сөз қай кезде «түпнұсқа» болады? Адам телефон арқылы билетке тапсырыс бергенде, ол «түпнұсқа туынды» жасай ма? Тележүргізуші мен селебрити чат шоуда айтқан әңгіме «түпнұсқа» деуге лайық па? Британдық соттар бұл мәселеге қатысты төрелік айтып көрмеген. Алайда, бұл проблемамен Нидерланды соты бетпе-бет келді. Endstra Tapes ісінде 129 «Полицияның ақпаршы Уильям Эндстрамен өткізген интервью материалдары қорғалған ба?» деген сұрақ туындады. Эндстра полицияға көрген-білгенін айтқаннан кейін оны әлдебіреу өлтіріп кетті, ал отбасы газет редакциясының қолына түскен дауыс таспасының стенограммасы жариялауға қарсылық білдірді. Амстердамның Апелляциялық соты аталған материалдарды авторлық туынды ретінде танудан бас тартты, себебі, олар біртұтас шығарма ретінде ойластырылмаған. Бірақ Нидерландының Жоғарғы соты бұл шешімнің күшін жойды. Голландия заңы бойынша туындының формасы адамның шығармашылық таңдауының нәтижесі болуы тиіс, әрі қарабайыр немесе тривиалды болмауы тиіс десек те, Эндстраның сұхбаттары аталған талаптарға жауап берді. Шағымданушыдан автордың туындыны саналы түрде жасағанын дәлелдеуді талап ету әділетсіз болар еді. Бұл жерде «Автордың төл интеллектуалдық өнімі» еуропалық стандартын қолданса, нәтижесі басқаша болар еді деп ойлауға еш негіз жоқ.

Британдық соттар, әдетте, атаулар, слогандар мен қысқа фразаларды қорғауға зауық таныта қоймайтын Алайда, Inforaq ісінен кейін бұл көзқарас өзгерген секілді. Сол істе Сот газет мақаласынан алынған 11 сөз еуропалық түсініктегі «интеллектуалдық өнім» ретінде түпнұсқа болуы мүмкін деп мәлімдеді. Ол Inforaq ісінде берілген түпнұсқалық туралы анықтамаға сүйене отырып, «тақырыптарды оқырманды қызықтыратындай әрі мақаланың мазмұнынан хабар беретіндей етіп ұйымдастыру едәуір біліктілікті қажет етеді» деп ой қорытты. Апелляциялық Сот бұл шешімді мақұлдады. Сот алқасының төрағасы (канцлер): «Газет тақырыпшалары әдеби туынды бола алады деген қорытынды «өте дұрыс», сондықтан төменгі инстанцияның шешімі өзгеріссіз қалады» деп түйіндеді.

Француз соттары кейде жалғыз сөзден тұратын атауларды қорғап, тым шығандап кеткенмен, 141 мұндай көзқарас қазіргі Еуропа заңының нысанына айналуы күмән тудырар еді. Inforaq ісінде Еуропа соты 11 сөзден тұратын фразаның компоненттері «жекелей алғанда оны қолданып отырған автордың интеллектуалдық өнімі бола алмайтын сөздерден тұрады», сондықтан «мұндай сөздер авторлық құқығы қорғалатын элементтерге жатпайды» деп мәлімдеген еді.

«Камераны бағыттап, түймесін басу - авторлық құқықтың қорғалуына лайық «еңбек, машық немесе әрекет» болып табыла ма?» деген сауалға британдық соттар әлі заңдық түсініктеме берген жоқ. Аталмыш жағдайда, фотография «авторға тиесілі», сондықтан түпнұсқа ретінде қарастырылуы тиіс деп уәж айтуға



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

болар еді. Еуропаның басқа елдерінде қарапайым снапшоттар немесе әуесқой фототүсірілімді авторлық құқықпен қорғаудан жиі бас тартады.

Еуропа стандарты, Rainer ісінде сипатталғандай, жеткілікті шығармашылық еркіндік болуы себепті қарапайым портреттерді қорғауға мүмкіндік береді. Демек портретші фотографтың шығармашылық еркіндігі бар, өйткені: Дайындық кезеңінде фотограф артқы көріністі, объектінің кейпі мен тұрысын, жарықты таңдай алады. Портреттік фотографияны түсіргенде көріністі кадрлауды, көріністің ракурсы мен атмосферасын таңдай алады. Қыл аяғы, снапшоттарды (кадрларды) іріктеу кезінде, фотограф түрлі техникалардың арасынан өзіне ұнағанын немесе лайықтысын таңдап алып, оны жақсарту үшін компьютерлік бағдарламаны қолдана алады.

Тура осындай стандартты (Rainer ісінен бірнеше жыл бұрын) қолдануға, атап айтқанда, алдын ала ойластырылған (көріністің мотиві, ракурс, жарықтың қойылуы) фотографиядан автордың қолтаңбасын тануға қатысты істі қараған Австрияның Жоғарғы соты жүзімнің фотосуреті түпнұсқа деп шешіп, пейзаж, адамдардың бейнесі мен мерекелік шаралар секілді күнделікті өмір көріністерін суретке тартатын әуесқой фотографтардың да құқы қорғалуы мүмкін» деп қосты.

Британдық соттар «туынды шығармалардың», яғни бұрынғы материалдарға негізделген туындыларды қорғау мүмкіндігін әлдеқашан мойындаған. Мысалы, Италия заңында «түпнұсқа туындыны қайта жасау үшін қосылған толықтырулар» туралы жазылған. Ендеше бұрынғы материалдарға жасалған сәл-пәл өзгерістерді есепке алмау туралы көп нәрсе айтуға болады. Әрине, Interlego ісін қараған Құпия Кеңес авторлық құқығы қорғалған сызбалардың «үздіксіз жаңартылып отыруының» салдарына алаңдаушылық білдірді. Туынды шығармалардың түпнұсқалық критерийі қанша жерден нақты болғанмен, авторлық құқық «аппроприация өнерін», яғни суретші бұрыннан бар туындыны көшіріп, оның сыртқы сипатын өзгертуден гөрі, оған басқаша мән-мағына беруге тырысуын қорғауы екіталай. Картиналар мен өзге де өнер туындыларының фотографияларына авторлық құқықты талап ету арқылы түсетін пайда өнер галереялары үшін қомақты болуы мүмкін. Біріккен Корольдікте, мұндай құқықтарды талап ету Graves Case ісіне қатысты берілген түсініктемеге байланысты. Аталған істе судья Блэкберн: «Картинаның немесе гравюраның фотографиясы – «ерекше фотография», сондықтан 1862 жылғы Бейнелеу өнерінің авторлық құқығы туралы заңмен қорғалады» деп шешім шығарған еді.

Мерзім туралы директива қабылдағаннан кейінгі позиция тіптен қиын. Байқағанымыздай, интеллектуалдық өнім - бұл тек жай ғана техникалық машықты пайдаланумен шектелмейді. Керісінше, «қалыптасу еркіндігі», яғни жекелеген нәтижеге әкелетін, автордың жеке қолтаңбасын білдіретін таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл, портреттік фотографиядан байқалуы мүмкін. Айталық, жарық, камера ракурсы, позицияны таңдау, бет-әлпетіндегі қандай да бір эмоцияны ұстап қалу т.б. Алайда дәл осындай шығармашылық нышаныкөркем шығармалардың техникалық тұрғыда мінсіз орындалған фотографиялық репродукцияларында болатынын көру қиын.

1980-жылдары төлтума «компьютерде жасалған шығармалардың» өте аз болғанына байланысты шығар, 1988 жылғы Заңда» компьютермен жасалғанына қарамастан, әдеби, драмалық, музыкалық және көркем туындылар авторлық құқықпен қорғалатыны жазылған. 2018 жылы жасанды интеллект жүйелері шынайы туындыдан аумайтын әрі солай қызмет ететін өнімдер: автоматты аудармалардан бастап Рембрандттың шығармашылығына негізделген картиналарға дейін шығара бастады. Заңда компьютерде жасалған өнімдерді туынды санатына жатқызу мүмкіндігі қарастырылғанмен, онда туындылардың түпнұсқалығы қалай анықталатыны жөнінде ештеңе айтылмаған. Компьютерлік туындыларға туындайтын проблема – автор мен туындының арасындағы қарым-қатынасқа негізделетін түпнұсқалық критерийі компьютерлік туындыларға қалай қолданылатыны анық емес. Себебі, анықтамаға сай оның авторлығы оңай анықталмайды.

Авторы адам емес компьютерлік туындылардың қорғалуына байланысты мынадай сұрақ туындайды: ондай туындыларға қандай түпнұсқалық критерийі қолданылады? «Туынды компьютердің дербес әрекеті нәтижесінде шығарылды ма? Яғни, ол «көшірілмеген», түпнұсқа туынды ма?» деген сұрақ лайықты критерий болуы мүмкін. Оған балама ретінде сот компьютер бұрыннан бар туындылардан басқа туынды (яғни, жаңа) жасап шығарған кезде, түпнұсқа саналады деп мәлімдеуі мүмкін.

Қазіргі кезде барлық туындыларға еуропалық стандарт қолданылатындықтан, «кез келген «компьютерлік» туынды (еуропалық түсініктегі) авторлық құқықпен қорғалғаны жөн бе?» деген сұраққа екі шоқып, бір қарауға тиіспіз. Бас адвокат Трстеняк Rainer ісінде айтып өткеніндей, «тек адам жасаған шығармалар ғана ... қорғалады, дегенмен олардың қатарына «адам камера сияқты техникалық құралдардың көмегімен жасаған туындыларды да қосуға болады».



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғау критерийлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Әдеби, драмалық, музыкалық және көркем туындыларға (авторлық туындыларға) қарағанда, фильмдерге, дыбыс жазбаларына, трансляцияларға және жарияланған басылымдарға «түпнұсқа» болу талабы қойылмайды. Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы 1988 жылғы заңда (CDPA, 1988) дыбыс жазбасына, фильмге немесе жарияланған басылымға осы тектес туындылардың көшірмелері болуы себепті авторлық құқық аясынан тыс қалады. Ал, трансляциялар туралы айтар болсақ, заңда тек басқа трансляцияның авторлық құқығын бұзбаған жағдайда ғана оларға авторлық құқық берілетіні жазылған. Яғни, туындыны жасап шығаруға еңбек, күш-жігерін жұмсап, ақыл-ой қабілетін пайдаланбағанына қарамастан, ұйымшылдық туындылар қорғалады. Ұйымшылдық туындыларға авторлық туындылармен салыстырғанда төмен стандарттардың қолданылуының бір себебі ондай туындыларға қатысты құқықтардың табиғатына байланысты. Аталған ережелер көп жағынан қарапайым. Дегенмен, шешімін таппаған үш мәселе бар. Біріншіден, дыбыс жазбалары бөлшектерінің компиляциясы (мысалы, «мегамикс») жеке дыбыс жазбасы ретінде қорғала ма? 179 Бір жағынан, мегамикс бұрыннан бар жазбалардан құралса, ештеңе қорғалмайды. Себебі, оның әр элементі өзге дыбыс жазбасынан көшірілуі есепке алынбайды.

Туынды Біріккен Корольдікте қорғалуы үшін оның «талапқа лайықты екенін» яғни, БК заңынан сай қорғалуы үшін туындының Біріккен Корольдікпен байланысты екенін көрсету керек Ұлыбритания заңы Ұлыбританиямен жеткілікті байланысы анықталмаған туындыларды қорғауға тиым салады.

Шетелдік авторлардың немесе шетелде жарық көрген туындылардың кең шоғырын қамту үшін британдық авторлық құқық туралы заңның артықшылықтар аясы кеңейді Дегенмен, белгілі бір туындының британдық авторлық құқық туралы заңымен қорғалатынын анықтау айтарлықтай күрделі. Кейде заңда орныққан презумпциялардың арқасында аталған кедергілерді айналып өту мүмкін болғанмен, көбінесе міндеттеме орындалуы тиіс.

1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 154(1)-бөлімі бойынша «материалдық уақытта» авторы «талапқа сай» келсе, туындының авторлық құқығы қорғалады.

Туынды авторлық құқықты қорғау талабына сай келуі үшін автордың «тиісті уақытта» сол елмен байланысы болуға тиіс. Жарияланбаған әдеби, драмалық, музыкалық және көркем туындылар үшін «материалдық уақыт» дегеніміз – туынды жасалған күн. Туынды тұнғыш жарияланған кезде, оның алғаш жарияланған датасындағы автордың статусы немесе автор туынды жарияланбастан бұрын дүниеден өтсе, автордың қайтыс болған күнгі статусы маңызды рөл атқарады. Керісінше, авторлық құқықпен қорғалған өзге туындылардың материалдық уақыты өзгермейді; дыбыс жазбасының немесе фильмдердің талапқа сай болуы туындының жасалу сәтіндегі «автордың» жеке статусына; эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының бағдарламаларының тарату күніне; ал типографиялық форматтардікі жариялаған баспасына байланысты. 1988 жылғы Авторлық, Дизайн және Патент туралы заңға өзге де территорияларға, атап айтқанда, Мэн аралы, Норманд аралдары және кез келген отар елдерге таралатындай күзiрет берiлген едi.

Үшіншіден, Заң «қолданылған» елдің азаматы немесе субъектісі, домицилийі немесе резиденті, заңына бағынатын ұйымы екені дәлелденген тұлға талапқа сай деп танылады. 159-бап Конвенцияға мүше елдермен байланысы бар туындыларға Заң қандай жағдайда қашан қолданылатынын көрсететін жалпылама ережелерден тұрады және 1988 жылғы Заңдағы авторлық құқық туралы баптарды өзге елдерге «қолдану» мақсатында шығарылған Ұлы мәртебелі патшайымның жанындағы Кеңес бұйрығына өкілеттік береді. Туынды, сондай-ақ, Біріккен Корольдікте немесе Заң күзiретi «кеңейтiлген» немесе «қолданылатын» (бұл түсініктер туралы әлгінде айтқанбыз) өзге елдерде алғаш рет жарияланса, құқықтық қорғау шаттарына сай деп танылады.

Егер туындының жариялануы талапқа сай келсе, жарияланым «рұқсат етілген» болуға тиіс. 1988 жылғы Заң бойынша қоғамның орынды сұранысын қанағаттандыруға арналмаған жасанды жарияланымдар ғана есепке алынбайды. Қорғалу құқығына ие болуы үшін туынды, ең алдымен Біріккен Корольдікте немесе Заң күзiретi «кеңейтiлген» немесе «қолданылатын» өзге елде жариялануға тиіс. Жарияланым шарт талаптарына кірмейтін елде жариялана тұра, 30 күн ішінде Біріккен Корольдікте немесе Заң күзiретi «кеңейтiлген» немесе «қолданылатын» басқа елдердің бірінде жарық көрсе, бұлт шарт талабына сәйкес келеді.

Трансляция Біріккен Корольдіктегі немесе Заң күзiретi «кеңейтiлген» немесе «қолданылатын» өзге елдердің біріндегі орыннан таратылса, талапқа сай деп танылады. Жерсерікті трансляциялар жағдайында, сигналдар енгізілген жерде трансляция жасалады.

Кейбір жағдайда материалдық формада жазылған, ерекше және Біріккен Корольдікпен жеткілікті дәрежеде байланысы бар туындыны соттар саяси себептерге байланысты авторлық құқықпен қамтамасыз етуден бас тартуы мүмкін. Соған қарағанда, әдепсіз, дөрекі немесе аморалды туындылар авторлық



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Қорғау критерийлері
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

құқықпен қорғалмайды.